

## Қостанай облысы Науырзым ауданының Докучаев ауылын Қараменді ауылы деп атау туралы

Қостанай облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің (он алтыншы сессия) 1998 жылғы 28 тамыздағы шешімі Қостанай облысының әділет басқармасында 1999 жылғы 25 наурызда N 68 тіркелген

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі тақырыбында, кіріспесінде және бүкіл мәтін бойынша "селосын", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылын", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Науырзым аудандық мәслихатының Науырзым ауданы әкімінің, Докучаев ауылы тұрғындарының ұсыныстарын және облыстың ономастикалық комиссиясының Докучаев ауылын Қарменді ауылы деп атау туралы қорытындысын қарап, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты мен Қостанай облысының әкімі шештім:

Қостанай облысы Науырзым ауданының Докучаев ауылы Қараменді ауылы деп аталсын.

(Мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Ономастикалық комиссиямен келісілген).

Сессия төрағасы

Қостанай облысының әкімі

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы